

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 14 наурыздағы N 249 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 мамырдағы N 478 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 14 наурыздағы N 249 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақта:

3) тармақшадағы "ұсынатын жабдықтар" деген сөздер "ұсынатын қайта өңдейтін жабдықтар мен арнайы техникалар" деген сөздермен ауыстырылсын, "ауыл шаруашылығы өнімін өңдейтін кәсіпорындарға" деген сөздер "агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) "ҚазАгро" ұлттық холдингі" акционерлік қоғамының агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың басым бағыттарын қаржыландыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруына осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес оның жарғылық капиталын ұлғайту жолымен 40900000000 (қырық миллиард тоғыз жүз миллион) теңге бөлінсін.";

көрсетілген қаулыға 1-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2008 жылғы 20 мамырдағы  
N 478 қаулысына

қосымша

**Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың басым бағыттары бойынша іс-шараларды қаржыландыру**

мың теңге

| Іс-шаралардың атауы                                                                   | Жиыны      |
|---------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| Кейіннен еншілес акционерлік қоғамдарының жарғылық капиталын ұлғайта отырып "ҚазАгро" | 40 900 000 |

|                                                                                                                                                                                                                                                       |                   |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|
| <b>ұлттық холдингі" АҚ-ның жарғылық капиталын ұлғайту, оның ішінде:</b>                                                                                                                                                                               |                   |
| <b>"Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" АҚ</b>                                                                                                                                                                                                      | <b>10 612 100</b> |
| Тамшылатып суаруды қолдана отырып жеміс-көкөніс өнімдерінің өндірісін дамыту                                                                                                                                                                          | 1 314 100         |
| Ауыл шаруашылығы өнімінің көтерме базарын салу                                                                                                                                                                                                        | 3 298 000         |
| Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді, оның ішінде кредит беру арқылы көктемгі дала және егін жинау жұмыстарын және дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін қаржыландыру                                  | 6 000 000         |
| <b>"ҚазАгроҚаржы" АҚ</b>                                                                                                                                                                                                                              | <b>18 487 900</b> |
| Ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды қаржыландыру (о.і.кейіннен лизингке беру үшін)                                                                                                                                                                | 4 700 000         |
| Технологиялық жабдықтар мен арнайы техниканы сатып алуды қаржыландыру (о.і. кейіннен лизингке беру үшін)                                                                                                                                              | 2 634 000         |
| Ауыл шаруашылығы және балық өнімдерін қайта өңдеу жөнінде жабдықтарды, сондай-ақ құс өсіру фермаларын құру үшін негізгі құралдарды сатып алуды қаржыландыру (о.і.кейіннен лизингке беру үшін)                                                         | 2 400 000         |
| Негізгі құралдарды сатып алуды қаржыландыру (о.і. кейіннен лизингке беру үшін) және сүт пен ет бағытындағы ірі-тауарлы мал шаруашылығы фермаларын құру үшін айналым қаражатын толықтыруға ішінара кредит беру                                         | 8 753 900         |
| <b>"Аграрлық кредит беру корпорациясы" АҚ</b>                                                                                                                                                                                                         | <b>5 300 000</b>  |
| Ауыл шаруашылығы өндірісіне және ауылдық кредит серіктестіктері жүйесі арқылы ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдейтін өнеркәсіпке кредит беру                                                                                                          | 3 200 000         |
| Ауыл шаруашылығы өнімдерін бірлесіп өндіруді жүргізу, дайындау, өткізу, қайта өңдеу, сақтау, тасымалдау, тауарлық-материалдық құндылықтармен жабдықтау жөніндегі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер бірлестіктері мен ауыл тұрғындарына кредит беру | 1 300 000         |
| Ауылдық жерлердегі ауыл шаруашылығына жатпайтын кәсіпкерлік қызмет түрлеріне кредит беру                                                                                                                                                              | 800 000           |
| <b>"Мал өнімдері корпорациясы" АҚ</b>                                                                                                                                                                                                                 | <b>6 500 000</b>  |
| Дамыған инфрақұрылымы бар қазіргі заманғы бордақылау алаңдарын құру                                                                                                                                                                                   | 5 500 000         |
| Мал шаруашылығы өнімін сатып алу, қайта өңдеу, тасымалдау және сақтау                                                                                                                                                                                 | 1 000 000         |

